

МУЗЕЙНЫЕ ИННОВАЦИИ



В КазНУ состоялась научно-методический семинар на тему «Музейные инновации для устойчивого развития университета» при поддержке польской фирмы «Pattern Recognition».

Семинар прошел в канун 23-летней годовщины присвоения университету имени Великого мыслителя Востока Абу Наср аль-Фараби в рамках общеуниверситетского проекта «Айналанды нұрландыр». Участниками мероприятия стали студенты и преподаватели факультетов географии и природопользования, истории, археологии и этнологии, а также сотрудники биологического музея, отделов ректората, пресс-службы. Издательство «Қазақ университеті» развернуло выставку книг, посвященных музейному делу, пропаганде идей устойчивого развития.

Представители компании «Pattern Recognition» провели презентацию мультимедийных приложений для совершенствования экспозиционного показа и формирования музейных собраний, отвечающих вызовам современности. В арсенале фирмы – создание компьютерных программ, фильмов, анимаций, графики, проектирования 3D – визуализаций, аудиогидов.

Особый интерес с польской стороны вызвала экспозиция музея КазНУ о связи времен, многогранном наследии Аль-Фараби и в проекте университета «Al-Farabi University Smart City».

Польские гости были приятно удивлены высоким художественным уровнем оформления экспозиций,

программным обеспечением, позволяющим видеть четко структурированный и содержательный музейный ресурс.

В начале этого учебного года в новом музее Аль-Фараби при поддержке Департамента информационных технологий и аудиохрестоматии «Трактаты аль-Фараби», выпущенной творческим коллективом преподавателей и студентов факультета журналистики, уже ведется аудио сопровождение экскурсий на казахском и русском языках.

Вышеперечисленное – только первые шаги к мультимедийным инновациям в университетских музеях, которые требуют своего логического продолжения. В этой связи мы думаем, сотрудничество с польскими коллегами позволит ярко и убедительно раскрыть содержание диорамных комплексов и сделать главную идею музея «Гармония мира Аль-Фараби» более информативной с применением 3D-технологий.

Наши музеи стремятся внести свой креативный вклад в реализацию умных университетских технологий, пропагандируя и развивая прорывной проект, основанный на великом учении Мыслителя.

Т. ТАЖИБАЕВА,
А. ДЖАБЫКПАЕВА
музей университета

Ғылым әлеміндегі жетістіктерді жариялайтын әлемдік журналдардың атына заты әр уақытта сай келе бермейді. Бұл ретте қазақстандық ғалымдар қандай қателіктерге бой алдырады? Импакт-факторы жоғары журналдарда жарияланудың университет беделі мен танымалдылығына тигізер әсері қандай? Халықаралық жарияланымдар бойынша университет ғалымдарының белсенділігі қай деңгейде? Кешегі ректорат отырысында оқытушы-профессорлар құрамы осы мәселелерді талқылап, шешу жолдарын қарастырды.

ДАМУДЫҒ ЖАҢА ЖОЛЫ

Бүгінгі таңда әлемдік журналдарға мақала жариялау мәселесі білім әлемінде аса өзекті болып отыр. Мінбеге көтерілген Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілеккабыл Сәбитұлының айтуынша, әлемдік ғылыми қоғамдастыққа шығу үшін аса беделді журналдарда мақала жариялаудың маңызы зор. Мұндай журналдар онда жарық көрген ғылыми материалдардың сапалылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да әлемдік рейтингтік агенттіктер өз қорытындыларын шығару барысында университет ғалымдарының әлемдік жетекші журналдарда жариялануына, яғни ғылым бөліміне үлкен мән береді. Осы ретте проректор университет ғалымдарының осы талапты жеткілікті деңгейде орындамай отырғандығын айтты. Ол сапасы төмен басылымдарда мақала шығару арқылы ғалым өзінің және оқу орнының беделіне нұқсан келтіретініне баса назар аударды. Мұндай қателікке қазақстандық ғалымдар жиі жол беруде. «Сапасы күмәнді, жалған, яғни фейктік журналдарда жариялану болашақта импакт-факторы жоғары басылымдарға мақала шығаруда кедергі келтіруі мүмкін. Себебі, рецензенттер алдымен ғалымның background-ын, яғни ғалымның білімі, құзыреттілігі мен ғылыми жолына қарайды. Күмәнді басылымдар, сонымен қатар, шетелдік гранттарды ұтып алу мүмкіндігінен де айыруы ықтимал», – дейді Тілеккабыл Рамзанов.

Өз хабарламасында ол QS рейтингтік агенттігі бойынша ТМД-ның үздік 3 жоғары оқу орны: Ломоносов атындағы ММУ, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жарияланым жөніндегі көрсеткіштерін салыстыра отырып, артық-кемшін тұстарды саралап өтті. Университет ғалымдары жиі мақала жариялайтын 5 әлемдік журналдың төртеуі бүгінде Thomson Reuters және Scopus мәліметтер базасынан шығып қалғанын айта келе, Тілеккабыл Сәбитұлы рейтингтік агенттіктер тізімінен түскен өзге де журналдармен таныстырды.

Жалғасы 2-бетте

КҮЗГІ Жәрмеңке

Қазан айының 18-і күні Ө. Жолдасбеков атындағы Студентер сарайының жанында жәрмеңке болып өтті. Жәрмеңкенің мақсаты – студенттер мен оқытушыларға, алыс ауданнан келген тұрғындарымызға өз тауарларын жеңілдік бағамен сату. Бұл – ҚазҰУ қалашығының директоры мен Қарасай ауданы әкімінің екі жақты келісімі бойынша ұйымдастырылып жатқан үлкен іс-шара.

Мұндағы сатушылар, негізінен, алыс аймақтардан келіп, өз өнімдерін орташа көрсеткіш бағамен сатуда. Тағы бір ерекшелігі – ауылшаруашылық өнімдерінің қолдан жасалып, табиғи түрде өндірілуінде. Тауарлардың сатылу көрсеткіші базардағы бағаға қарағанда 20% пайыз жеңілдікпен сатылуда. Мәселен, жұмыртқаның базардағы бағасы 22 теңгені құраса, ал жәрмеңкеде 18 теңге көлемінде сатылуда. Жәрмеңкеге алыс аудандардың әртүрлі аймақтарынан сатушылар келіп, өз өнімдерін сатты.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:


ЖУРНАЛИСТ
ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ИННОВАЦИОННАЯ
ТЕХНОЛОГИЯ
ПЕРЕРАБОТКИ УГЛЯ



3-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

“РЕКТОР КУБОГЫНЫҢ”
ОЙЫНДАРЫ
АЯҚТАЛДЫ



8-бет

КІТАП ҚАДІРІН КӨККЕ КӨТЕРГЕН ЖӘРМЕҢКЕ

ҚАЗАННЫҢ 8-12 АРАЛЫҒЫНДА, ЖЫЛ САҰЙЫН ГЕРМАНИЯНЫҢ МАҮНДАҒЫ ФРАНКТУРТ ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН, ДҮНІЕЖҮЗІНДЕГІ ЕҢ ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ. ШАРАҒА ӘЛЕМНІҢ 102 ЕЛІНЕН 7 МЫҢ БАСПА ҚАТЫСЫП, 400 МЫҢНАН АСА КІТАП ҚОЙЫЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ АТЫНАН БІРНЕШЕ БАСПА ӨЗ ӨНІМДЕРІН КӨРСЕТІП, ТӘЖІРІБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ. АТАЛМЫШ ЖӘРМЕҢКЕДЕ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИГРАФИЯСЫ ҮШІН БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚ – УНИВЕРСИТЕТТІК БАСПА КАТЕГОРИЯСЫ БОЙЫНША ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» БАСПА ҮЙІНІҢ ЖЕКЕ СТЕНД АЛЫП ҚАТЫСУЫ БОЛДЫ.

ОСЫҒАН ОРАҰ ЖАҒАНЫҢ ЖАҒАЛЫҒЫН, АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОҰЫНЫҢ, ИНЖУ-МАРЖАНЫН ПАШ ЕТУДІ МАҚСАТ ТҰТҚАН КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІНДЕ ӨЗ ӨНІМДЕРІН ЕУРОПА ТӨРИНДЕ КӨРСЕТКЕН «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» БАСПА ҮЙІНІҢ ДИРЕКТОРЫ А.Т. АСАН МЫРЗАМЕН СҰХБАТТАСҚАН БОЛАТЫНЫЗ.

дамыған кезеңінде университет басшылығының кітап мәселесіне баса назар аудару себебін қалай түсіндірер едіңіз?

– Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап ғана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айнытпай танып-білуге үйретеді» деген болатын. Бұл орайда университетіміз жастарымызға жан-жақты дамып, рухани тұрғыда өсуде берері мол «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасын қолға алғаны бәрімізге мәлім. Сондай-ақ, ҚР Кітап палатасының 2013 жылғы рейтингінде «Қазақ университеті» баспа үйі «Шығарылған атаулар саны бойынша үздік ондық» номинациясында көшбасшы атанды.

Кітап – білім нәрі. Сіз технологияның қарыштап дамыған кезеңі деп дұрыс айттыңыз, десек те, кез келген дана ойдың заттай дерегі – кітапта.

Кітап – ұрпақтар сабақтастығы, халықаралық ынтымақтастық, бүгін мен ертең байланысының кепілі.

– Мұндай шараларға қатысу арқылы қазақ ғылымына қандай да бір үлес қоса аламыз ба?

– Әрине, қоса аламыз. Аталмыш шаралардың негізгі түп мақсаты да осы емес пе?! Қазақ университеті баспа үйі осымен 3-ші жыл Франкфурттағы көрмеге қатысып келеді, орнатылған байланыс арқасында ҚазҰУ мұғалімдері мен студенттеріне әйгілі Springer баспа үйінің деректер қорын пайдалануға мүмкіндік алынды. Ендігі мақсат – қазақстандық ғалымдардың еңбегі Elsevier, Springer, Thomson Reuters сынды жетекші баспалардан жарық көріп, жоғары импакт-факторлы басылымдарында зерттеу



мақалаларын жариялап, халықаралық ғылыми диалогтың толық дәрежедегі мүшесі болуы. Айта кететін жайт, біз халықаралық кітап көрмелеріне қатысып қана қоймай, елімізде де сондай шара ұйымдастырудың бастамашысы болдық. 2014 жылдың 29-30 мамырында Халықаралық кітап күніне орай ҚР Кітап палатасымен біріге отырып, «Almaty Book Expo-2014» көрме-жәрмеңкесін өткіздік. Оған алыс және жақын шетел баспалары өз өнімдерін ұсынды.

– Осы тұста прагматикалық сипаттағы сұрақ қойғымыз келіп отыр. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерін алдыңғы қатарлы әлемдік баспалардан шыққанын көру – еліміздің ғылымы үшін үлкен жетістік болмақ, дегенмен, бұл мақсаттың жүзеге асырылуы қаншалықты ыңғайлы? Отандық ғалымдардың алғашқы легінің осындай нәтижеге жетуіне шамамен қанша уақыт қажет?

– Бұл мәселе еліміздің ғылыми қауымы үшін алыстағы сағым емес. Күні кеше Франкфурттағы кітап жәрмеңкесінде «Springer» баспа үйі техника ғылымдарының докторы, академик Ғ.М. Мұтановтың «Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting» кітабының тұсауын кесті. Алғашында еңбек «Қазақ университеті» баспа үйінде құрастырылып, өңделген болатын, кейін шетелдік әріптестеріміз қызуғышылық танытып, ұсыныс білдірді. Әрі қарай оқу құралын «Springer» баспа үйінен шығаруға бағытталған жұмыс басталды. Әрине, халықаралық деңгейдегі жұмыстың талаптары әлдеқайда жоғары болды.

– Ігі бастама жалғасын тауып, білім-ғылымға, кітап басу саласына тың серпін әкеле берсін. Сұхбатыңызға рақмет!

Өз тіліміміз

ИННОВАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕРАБОТКИ УГЛЯ

В связи с интенсивным потреблением углеродного сырья и естественным истощением его запасов в настоящее время актуальной является проблема альтернативного производства углеводородов из других видов сырья. Таким перспективным сырьем является уголь, запасы которого, по оценкам экспертов, составляет 3,5 триллионов тонн. Уголь и сланец в XXI столетии будут играть важную роль как альтернативное энергетическое и химическое сырье.

НИИ Новых химических технологий и материалов (НИИ НХТМ), занимающийся глубокой и комплексной переработкой углеродсодержащего сырья, активно участвует в разрешении этой проблемы.

Развиваемые в НИИ НХТМ такие методы переработки углей, как гидрогенизация, газификация и ряд других, весьма перспективны для получения материалов, не только конкурентоспособных с традиционными продуктами переработки нефти, но и в ряде случаев обладающих новым оригинальным комплексом свойств. В результате взаимодействия углей разной степени метаморфизма в широком диапазоне температур с такими

химическими агентами, как водород, оксиды углерода, вода (водяной пар), кислород, а также с рядом растворителей, образуется своеобразный набор веществ разной химической природы, представляющих собой новые товарные продукты как топливного, так и химико-технологического назначения.

Разработаны и спроектированы мини-заводы по ожигению угля и получению полного ассортимента топлив и масел из искусственной нефти. В отличие от зарубежных предприятий, процесс ведется при давлении 40-50 атм., что в 5 раз меньше, чем в зарубежных аналогах. Разработанная в ДГП НИИ НХТМ РГП КазНУ им. аль-Фараби технология имеет отличия, обуславливающие новизну проекта.

Комплекс рассчитан на переработку 80 тысяч тонн угля и 16 тыс. т. мазута в год. Производительность заводов по углю – 30-200 тонн в сутки, стоимость – 4,5-6 млн долларов в зависимости от производительности.

На основе проведенной научно-технической и конструкторской работы в г. Актобе на базе Мамытского месторождения угля предполагается строительство экспериментального нефтеуглехимического комплекса, научная разработка которого осуществляется в НИИ Новых химических технологий и материалов. Проект блока ожигения угля и ректификации синтетической нефти и брикетной фабрики выполнен лицензированным проектно-конструкторским институтом ДГП ГНПО ПЭ "Казмеханобр". Технологическая аппаратура изготовлена лицензированным предприятием ОАО "Машиностроительный завод им. С.М. Кирова" г. Алматы.

Работы ДГП НИИ НХТМ в области переработки угля привлекли внимание иностранных инвесторов. В соответствии с Соглашением между

Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о научно-техническом сотрудничестве и Контрактом на техническое сотрудничество между ДГП НИИ Новых химических технологий и материалов и ООО ХПИ по китайско-российскому научно-техническому сотрудничеству провинции Хэйлуцзянь ДГП НИИ НХТМ разработал, изготовил и запустил пилотный стенд по ожигению угля производительностью 50 кг угля в сутки, разработал и представил заказчику рабочий проект строительства углефтехимического комплекса производительностью 30000 тонн угля в год.

Разрабатываются также нетрадиционные способы переработки угольного вещества с использованием низкотемпературной плазмы, получая при этом гамму ценных продуктов, среди которых полиароматические соединения для металлургии и фармацевтики.

К.А. ЖУБАНОВ,
академик НАН РК,
С.Н. КАЛУГИН,
директор НИИ НХТМ

В КазНУ наградили победителей IV спартакиады среди первокурсников на «Кубок ректора»

Я НАДЕЮСЬ, ЧТО ЗДЕСЬ В АЛМАТЫ Я НАЙДУ МНОГО ДРУЗЕЙ.

Меня зовут Мария и мне 22 года. Я выросла в городе Вашингтон — столица США. Когда мне было 14 лет мы с семьей переехали в штат Вермонт. Вермонт маленький, но очень уютный штат. Честно говоря, мне Вермонт нравится больше чем Вашингтон! Природа у нас классная — приятное лето, прелестная осень, и красивая, холодная зима. В 2010 году я поступила в университет. Название университета — «Университет Висконсин в Мэдисоне». Мэдисон — столица штата Висконсин, и город расположен между двумя озерами. Мы вас приглашаем посетить наш город!

После окончания университета я думаю, что вернуться в Мэдисон, и найду там работу.

HERE IN ALMATY I HOPE TO MAKE MANY ACQUAINTANCES AND MEET CLOSE FRIENDS!

My name is Mary. I am 22. I was born in Washington D.C., the capital city of the United States and when I was 14 my family and I moved to Vermont. Vermont is a small, but excellent, state. To tell the truth, I love it more than Washington. The weather is wonderful! Summers are always pleasurable, fall is lovely, and our winters are cold, but beautiful. In 2010, I started college. The name of the University is "The University of Wisconsin-Madison". Madison is the capital of Wisconsin located between two lakes. You are welcome to visit our city! We drink beer, eat cheese, and watch sports. After graduation I think I will go back to Madison and find work there.

И БОЛЬШЕ УЗНАТЬ О КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ.

Меня зовут Бэрни. Я живу в г. Висконсине. Я учусь в университете Висконсин, на факультете русского языка. Изучаю русский язык три года, раньше в течение восьми лет я изучала немецкий язык. Я приехала в Казахстан, чтобы улучшить свои знания русского языка и больше узнать о казахской культуре.

Twenty four students from the United States have come to al-Farabi University for eight months to study Russian on the "FLAGSHIP" program. The dean of the faculty of Philology, Literature and World Languages, O.Abdimanuly, and the coordinators of the program Suleymenova E.D., Madiyeva, Umatova, and J.M., Kuzembekova J.J., are doing their best to provide these American students with the highest quality educational experience and to ensure their academic achievement and success. Here we are delighted to introduce Mary, Berny, John, Lizanna and Jim to our readers:



TO LEARN MORE ABOUT KAZAKH CULTURE

My name is Bernie. I live in Wisconsin, in a town between two lakes. I am a student at the department of Russian. I've been studying Russian for three years. Before I began studying Russian, I took German for eight years. I came to Kazakhstan to improve my Russian and to learn more about Kazakh culture.

Я РАД ЗНАКОМСТВУ С ВАМИ!

Здравствуйте! Меня зовут Джон. Я приехал из Америки учить русский и казахский языки. Я очень рад, что мы сейчас студенты КазНУ имени аль-Фараби. Я сейчас живу в казахской семье, и с моей хозяйкой-мамой я часто смотрю передачи, как «Давай поженимся», «Пусть говорят», «На всякий случай»... Это хорошая практика. Вообще я люблю читать, общаться, гулять с друзьями. Конечно, мне было сложно привыкнуть к новым условиям,

но я думаю, что все будет хорошо, потому что, ваш народ очень дружный и гостеприимный. Рад знакомству с вами!

I'M HAPPY TO MEET YOU!

Hi everybody! My name is John and I've come from the United States to study Russian and Kazakh. We are here quite by chance, but to tell the truth, I'm very happy that we are now students at al-Farabi University. I currently live with a Kazakh family—for better or worse. With my host-mother I watch such TV programs as, "Let's Get Married," "Let Them Speak," "For any Case." It's such good practice! I like reading, hanging-out, and walking with my friends. Although it has been difficult getting used to living in Kazakhstan, I see that your people are very friendly and hospitable. I like meeting new people.

ЯБЛОКИ ВЕЗДЕ!

Меня зовут Джим Джонсон. Я приехал сюда недавно, и буду учиться, здесь в КазНУ в течение восьми месяцев. Воюсь, что зимой мне будет холодно, поскольку всю свою жизнь я прожил в теплом климате. Мне очень нравится, что в Алматы везде можно купить яблоки.

APPLES EVERYWHERE!

My name is Jim Johnson. I have awful handwriting! I arrived in Almaty a few weeks ago and will study at al-Farabi University for eight months. In winter I'm afraid I'll get cold, because all my life I have lived in a warmer climate. What I like most of all about Almaty is that you can buy apples everywhere.

Меня зовут Лиз Аня. Я из США! Приехала в Алматы изучать русский язык. Я живу в семье. Люблю рисовать, плавать, шить, готовить и смотреть телевизор, особенно, MTV.

My name is Lizanna. I come from the United States but I've come here to study Russian. I live with a family. I like drawing, swimming, sewing, cooking, running, and watching a TV, particularly MTV!

WE FIRMLY BELIEVE THAT AFTER EIGHT MONTHS, OUR AMERICAN FRIENDS WILL ACQUIRE EXCELLENT RUSSIAN COMMUNICATION SKILLS, BOTH ORAL AND WRITTEN, AND TAKE HOME A VERY FAVORABLE IMPRESSION OF OUR COUNTRY AND PEOPLE!

PREPARED BY MULDAGALIYEVA A.A.

Internship program in ESSLLI 2014 in Tübingen, Germany

'The greatest aim of education is not only knowledge, but action'
Myron N.I.

I was fortunate to be selected to Internship program in ESSLLI 2014 in Tübingen, Germany. My trip was covered by al-Farabi University.

The topic of my scientific paper is 'Ethnic peculiarities of semantics of American personal names'. My scientific supervisor is head of the chair of general linguistics and foreign philology, doctor of philology, professor Madi-

and course sessions. Each course session was classified into several levels: workshop, advanced, introductory and foundational. The total number of lectures was 48. I selected 8 courses and found all of them really useful for my research and scientific development. The courses were given by professors and textbook authors Dr Sternfeld and Dr Zimmerman, a

modern trends in research of linguistic meaning in terms of reference and information and analysis of the meaning of complex linguistic expressions.

Besides lectures, there were also very interesting discussions on various linguistic topics, which enabled the participants to share their ideas and obtain new knowledge on the themes of their interest.

One of the events, that encouraged me to continue my work on semantic investigations was the 19th Conference on Formal Grammar on the 16-17th of August, 2014. The lecturers were invited from France, other German cities, Japan and other countries. The conference presentations were predominantly devoted to logical semantics, semantics of determiner phrases and Lambek calculus relations from which I received the new data for my research work.

To conclude, ESSLLI 2014 was a good chance to meet researchers from all over the world, listen to new discoveries in the field of linguistics, logic and language programming. I am grateful to Al-Farabi Kazakh National University for giving me such a great opportunity to enhance my knowledge and enrich my scientific experience.

Elmira MYKYSHEVA,
a 2nd year Master degree student.

Academic mobility program is a powerful tool in enhancing the quality of education system, it encourages cooperation between higher educational institutions and it gives students an opportunity to develop real world skills, broaden their experiences and perspectives and increase their postgraduate competitive advantage.

Academic mobility program is being successfully implemented at al-Farabi University.

yeva Gulmira Bayanzhanovna. The program gave me a wonderful opportunity to improve my language skills and to continue my work on my research paper.

ESSLLI stands for European Summer School in Logic, Language and Information and is held in different countries every year. Next year it is projected to take place in Barcelona, Italy. ESSLLI 2014 was the 26th school and the Conference venue was in the campus of the Eberhard-Karls University in Tübingen, one of the oldest Universities in Germany. The events of the ESSLLI included a reception, evening lectures, excursions, student sessions

prominent author of books on semantics and a founder of Lamba Calculator Mr Champollion, Professor Hinricks, Dr Butt and Dr Culy, Mr Sayed and Mrs Demberg, Professors Moot and Retore and other researchers.

The course called "Introduction to compositional Semantics" by Wolfgang Sternfeld and Thomas Ede Zimmerman was based on the instructors' recent book 'Introduction to Semantics. An essential Guide to the Composition of meaning'. The course was of particular interest to me as it resonated with the area of my research work. I got acquainted with the



I am a master student at the department of Philology, Literary Studies and World languages. In the academic year 2013-2014 I was for-

On 24 October the faculty of Law will hold the international forum on the theme "Trade-economical cooperation on the Silk Way (Kazakhstan-China): legal acts"

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ

Бүгін тілге тиек еткелі отырған тұлға бірнеше жыл бойы университетімізде кемелді білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп келе жатқан, әртүрлі ғылым салаларының дамуында ерекше із қалдырған профессор, ҚР ҰҒА академигі Шахбоз Әлімгерейұлы. Шахбоз Ершіннің өмірі мен еңбек жолы, университетімізге сіңірген әрбір еңбегі жайлы деректермен студенттерді құлақтандыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі болғандықтан, осы мақсатты алға тартып, Шахбоз ағамен кездесіп, сұхбаттасқанды жөн көрдім.



"Қазақ" газетінің тілшілері: Файнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Балғынбаева. Орынбор, 1914 жыл.

Зерттеген сайын қызығы мен ерекшелігіне таңырқай қарайтын мәліметтерге қанық болдым. Шындығы сол, Шахбоз Әлімгерейұлы алаш қайраткерлерінің отбасында дүниеге келген екен. Әкесі – Әлімгерей Ершін мен анасы – Аққағаз Досжанова Мұхтар Ұезов, Мағжан Жұмабаев сынды жазушылар мен ақындардың замандастары ғана емес, «Алаш Орда» үкіметінің белді қайраткерлері болған. Сонымен қатар, анасы – қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді әйел дәрігер болған. Жоғарыда айтылғандай тың деректерді Аққағаз Досжанованың рухына бағышталған аста естіп, білдім. Аста Шахбоз ағамен ғана емес, жары – Айнагүл Ершінмен де көрісіп, сұхбаттастым. Бетпе-бет жүздестім...

Асқа барлық туған-туыстар жиналып, Әлімгерей Ершін, Аққағаз Досжанова жайында сыр шертіп, біршама мағлұматтардың басын ашты. Сонымен қатар, аста ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор, белгілі алаштанушы, ҚР ҰҒА-ның тарих және этнология институтының директоры Мәмбет Қойгелдиев ағамыз бен механика-математика факультетіндегі әріптестері мен шәкірттері де болды. Ал, өлкетану мұражайы басқармасынан, Орталық Мемлекеттік мұрағаттан, басылымдардан келген зерттеушілер астың сыйлы қонақтары болды. Ұйымдастыру шараларымен айналысып жүрген Шахбоз ағаның қыздары – Айжан мен Индира және ұлы Шыңғыс Ершіндер жайында айтпай кету әбестік болар. Олар да еліміздің өркендеуі үшін өз күштерін аямай жұмсап жүрген жандар.

Айнакүл ҚАПАСҚЫЗЫ:

– Аққағаз Досжанованың атын бүкіл қазақ баласына жеткізу мақсатымен барлық деректерді жинап, баспаға ұсындық. Алайда, «саясат, билік, акша» бұл деректердің жариялануына өз кесірін тигізбей қоймады. Талай басшылықтағы адамдардың алдарына барып, өтініш білдіргенмен, ештеме өнбеді. Қазіргі уақытта естіп жатырмыз, көптеген медициналық оқу орындарында Аққағаз Досжанованың өмірі мен ерен еңбегі туралы лекциялар оқылып жатыр екен.

Дина ТӨЛЕГЕНОВА

Жалпы, ендігі уақытта жинақталған деректерді баспаға шығаруға мүмкіндік болатын шығар.

ҚазҰУ-да механика-математика факультетіндегі білікті оқытушылардың бірі Шахбоз ағаның шәкірті – Динара Туралина өз сөзін ерекше толқыныспен жеткізін:

– Шахбоз Ершін – өте білімді оқытушы. Көрген қиындықтарына қарамастан, өз шәкірттеріне сапалы білім бере білді. Дегенмен, ұстазымның Аққағаз Досжанованың ұлы екенін жақын арада ғана естіп, «алыптан алып туатынына» көз жеткізгендеймін.

Аталмыш басқосудың соңы Шахбоз ағаның сөздерімен аяқталды:

– Барлық келушілерге алғыс білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде анамның есімі көпке айқын болды. Енді сіздерден өтінерім: анам Аққағаз Досжанова атына көше алу ісіне өз көмектеріңізді тигізсеңіздер.

Арбаға танылса да ғылыммен айналысқан Шахбоз Ершін – сұйықтар мен газдар механикасы мектебінің негізін қалаушы ғана емес, техника саласында көптеген ізденістер жасап, докторлық қорғаған ғалым. Университетіміздегі механика-математика факультетінде ұзақ жылдар бойы дәріс оқып, білімді де білікті шәкірттер дайындап келеді. Ғылыммен айналысып жүріп, өзі жинаған еңбектерді топтастырып, бірнеше кітап жазған. Міне, осыншама ауқымды істерді жүзеге асырып жүрген Шахбоз ағаға барлық атақ та, мақтау да лайық деп санаймыз!

Аққағаз Досжанованың игілікті істерін болашақ ұрпаққа насихаттау ісінде мен де бір кірпіш болып қалансам деймін. Қазақтың тұңғыш дәрігер қызына лайық құрмет көрсетіп қана қоймай, есімін қазақ жазында жаңғыртуға үлес қосу менің борышым деп есептеймін. Себебі – Аққағаз есімі менің санамда өшпестей із қалдырды. Араға көп уақыт салмай, Досжановтар әулетін толықтай зерттеп, қазақ тарихына жаңа есімдер қосамын деген ниетпен, Шахбоз аға мен оның жанұясына бақыт тілеймін және Аққағаз Досжанованың рухына бағыштап оқылған құран қабыл болсын демекпін!

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ АУДАРЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН «МАРЖАН СӨЗ» БЕТІНДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БІРТУАР ТҰЛҒАЛАРЫ, ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ БОЛАРЛЫҚ ҒҰМЫР КЕШКЕН АРЫСТАРЫМЫЗ ТУРАЛЫ СҰХБАТТАР БЕРІП ОТЫРАТЫНЫМЫЗ БАРШАҒА МӘЛІМ. АУДАРЫМЫЗДЫҢ БҮГІНГІ САНЫНДА АҚЫЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ТУРАЛЫ. ОНЫҢ ОТБАСЫ МЕН ҰРПАҚТАРЫ, СОНДАҰ-АҚ, ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕ АҚЫННЫҢ, ҚЫЗЫ ШОЛПАН МҰҚАҒАЛИҚЫЗЫМЕН ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРҒАН ЕДІК. СОНЫ СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

Шолпан МҰҚАҒАЛИҚЫЗЫ МАҚАТАЕВА,
Француз тілінің маманы, оқытушы:

«Әкемнің ақындығы басқа қасиеттерін басып кететін»

– Өзіңіз туралы айтсаңыз? Мына мәдениет пен білімнің қара шаңырағында қандай қызметпен айналысып жүрсіз?

– Мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде француз тілінен сабақ беремін. Ұстаздықты бала кезімнен армандайтынмын. Қазір, сол өзім көздеген мақсаттың айналасында жұмыс жасап жүрмін.

– Ақиық ақын аталған сөйбес жұлдыз – Мұқағали Мақатаев, яғни әкеңіз туралы деректерді тілге тиек ете отырсаңыз. Ақын туындыларының жарыққа шықпай қалған бөліктері, оқырмансыз қалған шығармалары бар ма? Бар болса, ол туындылардың жариялану мерзімі қашан?

– Әкем қайтыс болған соң анам өмір тауқыметіне қарамастан, ақын өлеңдерін жинақтап, баспаға берді. Анам барлық туындыларын жинақтай алмаған болуы

Көкпек жоталары басталады екен. Сол жоталардың бірі мүжіліп, жармас пайда болған деседі. Жармалардың бір қатпары Мұқағали мүсініне ұқсап қалыпты... дейді. Бұл қаншалықты рас дүние? Жалпы, сол жармаларды көрдіңіз бе?

– Ол жармалар сол жерге барып көрмедім, дегенмен, көгілдір экран сол кездерде қайталап көрсетіп жатты. Теледидардан ғана көре алдым. Жалпы сұлба әкемнің қырынан тік қарап тұрғандағы кейпіне ұқсайды. Жалған дерек емес, солай екені рас, алайда, аңызға сәл жақындау дүние.

– Бос уақытыңызда не істейсіз? Уақытты қалай бағалайсыз? Көп ұйықтайсыз ба?

– Бос уақытымды музыка тындаумен өткізем. Әкеме ұқсаған тұсым да осы шығар. Ал, уақыт – өте құнды дүние ғой.



керек: уақыт өте келе ағамның жары, яғни жеңгем үлкен өнегелі іс жасап, анамның ізін жалғастырып, әкемнің шығармаларын толықтай жинақтады, оқырманға ұсынды. Сол себептен де оқырмандар әкемнің барлық жауһар жырларымен қауышты деп ойлаймын!

– Мұқағали ағамыздың жырларына деген сұраныс қаншалықты?

– Ой-ой, өте көп... Мына қарапайым, мен сабақ беріп жатқан филология факультеті студенттерінің сұраныстарын айтып жеткізу мүмкін емес. Жыл сайын өтетін мүшәйраға қатысуға келетін оқырмандарда шек жоқ. Мен білетін жандардың бәрі дерлік әкемнің жырларын сүйіп оқиды.

– Мұқағали ағамыздың бойында ақындықтан басқа қандай да бір қасиеттер болды ма?

– Әкем музыка тындағанды қатты жақсы көретін. Музыкадан ерекше бір шабыт алатын. Ал, атап айтарлық қабілет дейміз бе, қасиет дейміз бе, әйтеуір, актерлік жағы әкемде жоқ емес-тін. Бірақ, ақындығы басымырақ болғанын, ол кісі көп уақытын жыр жазумен өткізетін.

– Естуіміше, Мұқағали ауылына бара жатқан жолда Құлжа күре жолымен есептегенде 160 шақырымдай жерде

Көп уақытты студенттерге білім берумен өткіземін. Себебі, ұстаз болу бала кезімнен арман еткен мақсат болатын. Қазір, шүкіршілік етем, өзімнің сүйікті ісіммен айналысып жатырмын. Студенттердің әр сұраған сұрақтарын, білуге деген талпыныстарын, бәрін-бәрін жоғары бағалаймын. Ұйқыға келер болсақ, ұйқының құлы емеспін.

– Әдеби кітаптар көп оқисыз ба?

– Әдеби кітап оқудан мен ешқашан бас тартқан емеспін, бас тартпаймын да. Бір бастасам, сол кітапты бітіргенше тыным таппай оқимын. Кітап менің жанымды рахаттандырады, тыныштандырады, шаршағанымды басуыма өте көп әсерін тигізеді. Сондықтан, әдеби кітаптарсыз мен тосаңсып қалатындай көрінемін өзіме.

– Өмірде өзіңізге білім берген қандай ұстаздарды бағалайсыз?

– Маған білім берген барлық ұстаздардың әрқайсысының өзіндік ерекше орны бар. Ешқайсысын бөліп-жармаймын. Барлығы дерлік, жоғары білімдерімен қатар, рухани ізгіліктерімен менің жадыма мәңгілік сақталып қалған.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Дина МҰРАТҚЫЗЫ



РОМАН НЕГЕ «ҚЫЗЫЛ МЕН ҚАРА» АТАНҒАН?

Қызыл мен қара. Махаббат пен атаққұмарлық жайлы тамаша роман. Бұл – табиғи түс атауы емес, шендестіру арқылы француздың атақты жазушысы Стендальдің шығармаға берген аты. Мысалы, «Қан мен тер» (Ә. Нұрпейісов), «Соғыс және бейбітшілік» (Л. Толстой) трилогиялары сияқты. Екі ғасырдан астам жол кешкен романды миллиондаған оқырмандар оқыса да, автордың шығармаға неліктен дәл осы атауды қойғаны жайлы көптеген болжамдар болғанымен, жүйелі де нақты көзқарас әлі күнге дейін айтылмай келеді.



Роман атауында символдық терең мән бар. Бұл кез төңкеріс, бостандық үшін адам қаны төгілген заман болатын. Ал басты кейіпкер үшін ішкі қайшылық, қоғам қысымы – қара түс еді. Мүмкін Стендаль романның табысқа жетуі үшін оқырманды қызықтыру мақсатында осылай атады ма деген де болжамдар бар. Дегенмен, зерттеулерде романның кіріспесінде басты кейіпкердің алдында екі таңдау болғаны жайлы айтылады. Бірі – шіркеудегі қызмет, клерктер әдетте қара түсті киінеді, екіншісі – қызыл мундирлі армия. Кейініректе бұл туралы талай болжамдар жасалғанымен, әдебиеттануда нақтыланбады. Бірақ, бір қызығы, Стендальдің аяқталмаған кітабы «Қызыл мен ақ» деп аталған.

Бұл роман 1830 жылғы Июль төңкерісінен кейін жарық көреді. Мұның негізгі себепкері ретінде король X Карлдың

1789 жылға дейінгі өмірі мен тәртіпті орнатқысы келген саясатын атауға болады. X Карлға Реналь ханым осы кездері сүйіктісі үшін кешірім беруді өтінбекке бармақшы болады. Романның оқиғасы 1820 жылы өтеді.

Романның сюжетін қысқаша баяндау мүмкін емес, сондықтан кейіпкерлерге мінездеме беру арқылы жалпы түсінік алуға болады.

Жюльен Сорель – романның басты кейіпкері, епископ болуды армандайды. Шындығында оған клерктердің киімі ұнайтын, әйтпесе, құдайшылығы шамалы. Ақылды, зерек, Наполеонды пір тұтады, дәл соның тағдырын қайталағысы келеді. Егер Наполеонның кезінде өмір сүрсе, көп нәрсеге қол жеткізетініне сенімді. Ал қазір екіжүзді болуға мәжбүр. Тіпті, өз мақсаты үшін жек көретін адамдарына құрық ұшуға дайын. Кейде мұнысынан түк шықпай жатады. Батыл, атаққұмар, қызбалығы кейде ақылынан асып түседі.

Реналь ханым – Верьер қаласының мәрі Реналь мырзаның жұбайы. Жасы – 30-да, қарапайым, жаны таза, нанғыш.

Матильда де Ла-Моль – 19 жаста, өте сезімтал, таныстарына мұрнын шүйіріп қарайды, әкесінің достарына риясыз қарайды. Өзін жас балаша ұстайды. Вольтер, Руссоның кітаптарын оқиды. Өз заманына ұқсамаса да, қайшылықтар көп болған сайын, оны қызықтыра түседі.

Аббат Пиран – Сорель онымен семинарияда кездеседі. Аббат зерек те ақылды шәкірт екенін сезінсе де, оған білдірткісі келмейді. Бірақ екеуінде ұқсас нәрселер көп. Оларды басқалар пысықтығы, ақылдылығы үшін ұнатпайды, шамалары келсе, жардан лақтырғысы келіп тұрады. Ақыры аббатты семинариядан кетіріп тынады. Басқа жаққа ауысуына де Ла-Моль мырза қол ұшын береді.

Ла-Моль мырза – 1820 жылдардағы ультрароялистер сияқты құпия жиналыстарға қатысады. Үлкен кітапханасы болады. Сорельдің шыққан тегіне қарамастан жақсы көреді. Өзіне көмектескені үшін, істеріне риза болып, жақсы бағалайды. Аббатқа жәрдемдескені де оған жағады.

Граф де Талер – тегі еврей, қарапайымдау, жеке өзіндік пікірі қалыптаспағандықтан, айналасындағылардың сынына жиі ұшырайды. Матильданың намысын қорғаймын деп, Круазенуаны дуэльде мерт қылады, себебі, Матильда Круазенуаны ерекше пір тұтатын.

Де Реналь мырза – Верьер қаласының мәрі. Вальноның алдында мақтанғысы кеп, гувернер шақырады. Кейін Вальноның өзі мэр атанады. Екеуінің бас қатыруы – басқалар бұлар туралы не ойлайды? Даңққұмар, ақшаларын қайда сыйғызарын білмей жүреді. Кездескенде жандары қалмай, қалбақтайды, сырттарынан бір-біріне тістерін қайрайды.

Романның соңында Жюльен Сорель сүйіктісі Реналь ханымды атады, кейін онысына өкінеді, сөйтіп, өлім жазасына кесіледі. Бірақ, ол апелляция жасамады, себебі өмір жолы аяқталды деп есептейді. Ал үш күннен соң сүйіктісі Реналь ханым көз жұмады.

Енді қысқаша француз прозашысы Анри-Мари Бейл туралы айтар болсақ, Стендаль ерекше жазушы, психологиялық реализмнің басты өкілі, туғанына 230 жыл өтті. Орыстың атақты жазушысы Лев Толстой Наполеонның Ресей жорығын жазарда көп кітап оқығанын айта келіп, «тарихшылардың том-том кітабынан гөрі Стендальдің Ватерлоо шайқасын сипаттаған 14 бет суретінен көп мағлұмат алдым» дегенін жазады. Хемингуэй оны өз ұстазы санаған.

Сонымен, Анри-Мари Бейл Стендальдің әлемдік жауһарға айналған романын неге «Қызыл мен қара» атағанын романның соңғы беттерін жапқан оқырман біледі.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
түркітану және үндітану
кафедрасының доценті, филол. ғ.к.

Стендаль – француз жазушысы. Жазушы алғашқы туындыларын бүркеншік атпен 1814 жылдан бастап жариялай бастайды. «Стендаль» есімін алғаш рет «Рим, Неаполь, Флоренция» атты еңбегінде қолданады. Жазушының «Қызыл мен қара» атты шығармасы 1831 жылы жарыққа шығады. Аталмыш туындыға «XIX ғасырдың хроникасы» деп қосымша ат та қояды. Автор романдағы кішкентай ғана адамның рөлі мен тағдырын суреттеу арқылы қоғамдағы үлкен мәселеге жол іздейді. Бұл әйгілі роман революцияның екпінімен аластатылып кетіп, біраз жылдан кейін елдегі билік басына қайта келген монархия тұсындағы француз қоғамын суреттеуге арналған.

УАҚЫТ ПЕН ТҮС

Мұхтар Мағауин жазушының осы шығармасы туралы былай дейді: «Стендаль – «Қызыл мен қара» деген әйгілі романның авторы. Соны замандастарынан ешкім түсінбеген. Оқымаған. Тіпті, менсінбеген деуге болады. Сол Стендальді сол кезде үш елден үш-ақ адам бағалаған көрінеді. Кім дейсіз ғой? Францияда – Бальзак, Германияда – Гете, Ресейде – Пушкин! Стендаль бұл дүниеден кайтқаннан кейін жиырма жыл өте жазушы ретінде мойындала бастады. Елу-жүз жыл өткенде ұлы жазушы атанды».

Автор «Роман – это зеркало, с которым идёшь по большой дороге» деп роман жанры туралы айта келіп, өз ойын «То оно отражает лазурь небосвода, то грязные лужи и ухабы. Идёт человек, взвалив на себя это зеркало, а вы этого человека обвиняете в безнравственности! Его зеркало отражает грязь, а вы обвиняете зеркало! Обвиняйте уж скорее большую дорогу...», – деп, толықтыра түседі. «Қызыл мен қара» шығармасындағы басты кейіпкердің жолы да осы секілді, жас жігіттің өмірі Верьер, Безансон, Париж бойындағы үлкен ауыртпалықтармен ке-зігеді. Роман Дантонның мына бір сөзімен «Шындық, қаны сорлаған ащы шындық» деп басталады. Осыдан-ақ біз бұл романның сол кездегі жағдайларды бүге-шүгесіз ашық айтқанын көруімізге болады. Романдағы басты кейіпкер Жюльен Сорельдің қасіреті – оның жеке басының қайғысы емес, революциядан кейінгі бүкіл қоғам тарихының ауыр дерті болып көрінеді.

«Я стараюсь рассказывать: 1-е правдиво, 2-е ясно о том, что происходит в сердце человека», – деп жазады Стендаль. Жазушы өз кейіпкерімен қатар жүріп, шындық үшін арпалысады.

Болған уақыт – боялған түс. Стендаль шығармасының атауы да осыған байланысты «Қызыл мен қара» деп қойылса керек. Өлім мен қапас, сабырсыздық мен төзім түйістірген жол қызыл мен қара түске боялып тұр...

Қ. АЙСҰЛТАНОВА,
гуманитарлық факультеттерге
арналған шет тілдер кафедрасының
меңгерушісі

Стендаль «Красное и черное», отрывок из 7-ой главы. Избирательное сродство

«...Дети обожали его; он не питал к ним никакой любви; мысли его были далеко от них. Что бы ни проделывали малыши, он никогда не терял терпения. Холодный, справедливый, бесстрастный, но, тем не менее, любящий, – ибо его появление все же как-то рассеяло скуку в доме – он был хорошим воспитателем. Сам же он испытывал лишь ненависть и отвращение к этому высшему свету, куда он был допущен, – правда, допущен только к самому краешку стола, чем, быть может, и объяснялись его ненависть и отвращение. Иногда во время какого-нибудь званого обеда он едва сдерживал свою ненависть ко всему, что его окружало. Как-то раз в праздник св. Людовика, слушая за столом разглагольствования г-на Вально, Жюльен чуть было не выдал себя: он убежал в сад под предлогом, что ему надо взглянуть на детей.

«Какое восхваление честности! – мысленно восклицал он. – Можно подумать, что это единственная добродетель в мире, а в то же время какое низкопоклонство, какое пресмыкательство перед человеком, который уж наверняка удвоил и утроил свое состояние с тех пор, как распоряжается имуществом бедняков. Готов биться об заклад, что он наживается даже на тех средствах, которые отпускает казна на этих несчастных подкидышей, чья бедность поистине должна быть священной и неприкосновенной. Ах, чудовища! Чудовища! Ведь и сам-то я, да, я тоже вроде подкидыша: все меня ненавидят – отец, братья, вся семья»....

